

Кісіні Қанат Сауда-  
қ астанасы — Ере-  
селді. Онда ЕҚЫҰ-  
ғы төрағасы Арме-  
мен, саяси партия-  
мен кездеседі деп  
кейінгі сапар Гру-

отырған Президент Назарбаевтың 2009 жылғы 21-24 қазан күндері Түркияға жасаған сапары кезінде қол қойылған келісімдер негізінде Түркия мен Қазақстан арасындағы қатынастың стратегиялық белесі қуатталды.

Түркия мен Қазақстан арасындағы қатынастың сипатын анықтайтын негізгі нәрсе — екі бауырлас ел бөлісетін ортақ құндылықтар. Ортақ тарихымыз, мәдениетіміз, тегіміз, тіліміз сынды қасиетті құндылықтар елдерімізді берік байланыстырып отыр. Қожа Ахмет Ясауи және Мұстафа Кемал Ататүрік тәрізді түркі әлемінің ең ұлы данышпандары мен көсемдері жақындатқан елдеріміз бен қоғамдарымызды ешқандай күштің ажыратуы мүмкін емес. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері жазылған атажұртымыз — Қазақстанға келу түрік азаматтары үшін оңқашан толғандырарлық жәйт. Мен де сапарымды осы сезімдермен жүзеге асырудамын.

Осы орайда, Астанада түркі әлемінде өзінше алғаш болып табылатын Президент Назарбаевтың жеке бастамасымен Ататүрікке ескерткіштің ашылуына еліміз өз ризашылығын білдіретінін айтқым келеді.

Сапарым екі жақты ынтымақтастығымыз қосымша белес алған кезеге тура келіп отыр. 2010 жылы Түркия мен Қазақстан Еуропа мен Азиядағы ең маңызды қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымдарына төрағалық етеді. Екі түркі мемлекетінің бір мезгілде ЕҚЫҰ мен АӨСШК-ге төрағалық міндетін алуының маңыздылығын да атап өткен жөн. Түркия мен Қазақстан түркі әлемінің толеранттылық, гуманизм, адами сүйіспеншілікке негізделген түсінігінен шабыт ала отырып, өзара ықпалдастық арқылы Еуразиядағы тұрақтылық, бейбіт өмір және дамуға үлес қосады деп ойлаймын. Түркия мен Қазақстан өздері мүшесі болып табылатын Ислам Конференциясы Ұйымы мен Экономикалық ынтымақтастық ұйымы сынды ер түрлі халықаралық ұйымдарда белсенді ынтымақтастықта екенін білдіргім келеді.

Түркия өзі мүше болған ұйымдарда “Еуразия” көзқарасының қа-

ған, әлемнің көптеген жерінде болып жатқан тұрақсыздық ошақтарының көптеген себебі бар. Ауғанстанда бейбіт және ауқатты жағдай орнату үшін әлемнің барша мүмкіндігі қолданылып жатқанына қарамастан, күтілген нәтиженің алынбауының артында мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы ұзақ мерзімді ықпалдастықтың жетіспеушілігі жатыр.

Түркия мен Қазақстан Еуразиядағы жаһандық проблемаларға бірдей тең тұрғыда қарайды. Мысалы, Ирак пен Ауғанстандағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларға екі ел де өз үлестерін қосуда. Елдеріміз алдымен энергетика, одан кейін экономика мен сауданың көптеген салаларында ынтымақтасып келеді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы университетте көрініс тапқандай, білім саласындағы тығыз ынтымақтастығымыз арқылы елдеріміздің ғылыми әлеуеті өңірдің пайдасына ұсынылып отыр.

2009 жылы қол қойылған Нахчыван келісім-шартымен құрылған Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі 2010 жылы ресми түрде қызмет ете бастады. Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің құрылуына елдеріміз үлкен үлес қосты. Түркі мәдениетін нығайту және танытуда Түркия мен Қазақстанның бастамашылығы зор. Нахчыван саммитінде Президент Назарбаевтың ұсынысы бойынша Астанада Түркі академиясын құру туралы шешім қабылданды. Осы жобаны жүзеге асыру — қазіргі таңда Түркия мен Қазақстан үшін маңызды зор басым жобалардың бірі.

Президент Назарбаевтың түркі тектес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты арттыру жолындағы жетекшілігін түркі әлемі ешқашан ұмытпайды. Егемендігін алғаннан кейін Қазақстанның бейбіт жағдайда дамуы мен халықаралық қоғамдастықтың белелді мүшесіне айналуы және Орталық Азиядағы көшбасшы ел дәрежесіне жетуі Президент Назарбаевтың көреген жетекшілігімен тікелей байланысты. Қазақстан басшылығының жүргізіп отырған табысты саясатын құптайтынымды осы орайда тағы да қуаттағым келеді.

## ЗЫРЯНДА КӘСІПКЕРЛІККЕ ӨРІС БАР

Оңдасын ЕЛУБАЙ,  
“Егемен Қазақстан”.

Өткен жылы Зырян ауданындағы шағын және орта кәсіпкерліктен бюджетке 1 миллиард теңгеге жуық қаржы түсіпті. Былтыр 32 жаңа кәсіпорын ашылса, қосымша 166 жұмыс орны құрылған. Атап айтқанда, кірпіш шығаратын цех, Серебрянка қаласында лак-бояу өндіретін тәжірибе цехы пайдалануға беріліп, елуге тарта адамға жұмыс тауып берген.

— Ауданда былтыр отызға тарта

инвестициялық жоба ұйымдастырылған. Зыряндағы “БЦК” АҚ-тың су құбыры және бетон өндіретін зауыттар құрылысы еліміздің индустрияландыру картасына енгізілген. Бірнеше меморандумға қол қойылды. Олардың ішінде “Казцинк”, “Үлбі металлургия зауыты”, “Бұқтырма цемент компаниясы” кәсіпорындарымен жасасқан екіжақты келісім пайдалы болмақ, — дейді Зырян ауданының әкімі Рымхан Мусин.

Шығыс Қазақстан облысы,  
Зырян ауданы.

президенттің қалай да билікті өз адамына ұстату мақсатынан туған дейді.

## ТАРТЫП АЛҒАН АС БОЛМАЙДЫ

Зимбабведе барлық компаниялардың басында жергілікті нәсілдің өкілдері болуы керек деген талап қойылып отыр. Яғни, кез келген ақ нәсілді кәсіпкер өз акциясының 51 пайызын қара нәсілді кәсіпкерге беруге тиіс. Әйтпесе түрмеге отырады.

Сырт қарағанда, барлық нәрсе жердің иесіне берілуі керек деген идеяны құптауға да болғандай. Бірақ бұл ешқандай ақылға сыймайтын шараның пайдасынан гөрі, зияны көп. Зорлықпен жүргізілген шарадан кейін талай компанияның күйреуі анық. Осы елде бұған дейін жүргізілген солақай реформалардың салдарынан бір кезде бүкіл Африканың азық-түлік қоймасы саналған Зимбабведе инфляцияның деңгейі 100 мың пайыздан асып, ол құрлықтағы ең кедей елдің біріне айналды.

## “КЕНЕТТЕН ЧАВЕСТЕН”

Венесуэла президенті Уго Чавес соңғы кездерде жұрт күлетіндей әрекеттерге барып жүр. Бірде электр энергиясын үнемдеу үшін қолшамды пайдалануды ұсынса, бірде суды үнемдеу үшін азырақ шомылуға кеңес береді. Оның басты бір құмарлығы — телеарналарға шығу. Жексенбі сайын үш сағатқа созылатын “Сөйлесу, президент” хабарына жұрттың еті үйренген. Күп көрсе қалаған уақытта мемлекеттік арналарда сөйлеп кетеді. Сондай-ақ жексенбі күндері газеттерде “Чавестің жазғандары” деген айдармен оның мақалалары жарияланады.

Енді оған радио қосылып отыр. Бұдан былай “Кенеттен Чавестен” деген бағдарлама дәстүрге айналмақ. Және президент қалаған кезінде, тіпті түнгі үште сөйлеуі мүмкін.

## БАЙЛАР ДА СОТТАЛАДЫ ЕКЕН

Түркияда елдегі ең бай адамдардың бірі Мехмет Карамехмет өзінің бұрынғы банкінің қаржысын талан-таражға салғаны үшін 11 жыл сегіз айға түрмеге жабылмақ. Өзінің меншігіндегі Pamukbank-тен алған несиеді қайтармағаны үшін мемлекет оны 2001 жылы ұлт меншігіне өткізіп жіберген еді. Енді миллиардпен сол банктің қаржысын қалай ысырап еткені анықталып отыр.

Әзірлеге  
Мамадияр ЖАҚЫП